

**ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығы» ШЖҚ  
РМК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»  
бойынша оқыту.  
Хаттама № 1**

Астана қаласы

«28» тамыз 2025 жыл

**Өткізу орны:** ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК-ның (әрі қарай - ҰШМУО) конференс залы. Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 14 ғимарат.

**Тақырыбы:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру».

**Жиналыс төрағасы:** атқарушы директор Ормаганбетов Р.А.

**Жиналыс хатшысы:** компаенс – офицерінің м.а. Пазылханов А.П.

**Жиналысқа қатысқандар:** ҰШМУО әкімшілік қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру».

1. Шығыс Қазақстан облысының «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасары әшкереленгендігі буйна бейнеролик.
2. Жетісудағы білім беру қызметкерлері бюджет қаражатын ұрлағаны үшін сотталғандығы жөнінде бейнеролик.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндірме.

**Баяндамашы:** компаенс – офицерінің м.а. Пазылханов А.П.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүйелі негізде әлеуметтік сезімтал салаларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі дәйекті саясатты іске асыруды жалғастыруда. Денсаулық сақтау жүйесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ең осал болып қала береді және қоғамның ерекше назарында.

2022 жыл мен 2025 жылдың аралығында Денсаулық сақтау саласында 134 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген және оның ішінде бойынша 57 адам құқық бұзушылық бойынша сотталды.

Лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері азаматтардың сеніміне нұқсан келтіріп қана қоймай, медициналық қызметтердің тиімділігінің төмендеуіне және мемлекеттік қаражаттың мақсатсыз жұмсалыуына әкеледі.

Ағымдағы жылдың маусым айында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасарын сыбайлас жемқорлыққа жасағаны үшін күдікке ілінді.

Ол денсаулық сақтау субъектісіне халыққа медициналық қызмет көрсету үшін бөлінген 400 млн теңгеден астам қаражатты жүйелі түрде ұрлады

деп күдіктелуде. Жымқыру медициналық ұйымның «Damumed» ақпараттық жүйесіне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Өскемен қаласының тұрғындарына көрсетілген қызметтер туралы көрінеу жалған мәліметтер енгізу жолымен жасаған. Іс жүзінде медициналық қызметтер көрсетілмеген, отыз мыңнан астам «тіркеулер» анықталды.

Сонымен қатар, ол жеке медициналық мекеменің кәсіпкерлік қызметіне заңсыз қатысып, Қордың жымқырған қаражатын, оның ішінде қымбат мүлікті сатып алу арқылы заңдастырды деп күдіктенеді. Күдікті соттың санкциясымен қамауға алынған.

Алматы облысында Іле аудандық соты аудандық білім бөлімінің басшысы Л.Каткееваға және осы бөлімнің 7 бухгалтеріне қатысты үкім шығарды. Олар білім беру саласында нақты еңбек қызметін жүзеге асырмаған адамдарға жалақы аудару арқылы 686 млн теңге сомасында бюджет қаражатын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылды. Сонымен қатар, ол лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, өзінің жүргізушісін ведомстволық бағынысты мектеп-гимназияға жалпы сомасы 4,9 млн теңге жалақы заңсыз төленген кәсіптік бағдар беруші лауазымына жалған жұмысқа орналастырған.

Каткеева мемлекеттік қызметте қызмет атқаруға өмір бойына тыйым сала отырып, 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Бухгалтерлерге мемлекеттік қызметте 10 жыл қызмет атқаруға тыйым салынып, 7 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Осы секілді құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында ҰШМҰО-ның ұжымына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет.

Мемлекеттің өркениет пен цифрландыру ғасырында одан әрі дамуы шешілуіне байланысты қазіргі заманның жаһандық проблемаларының ішінде ең өткір мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Жаһандану жағдайында ол жаңа сапаға және трансұлттық нысандарға ие болды, қоғамның көптеген салаларында сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жаңа түрлері пайда болды.

Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақауы болып табылады. Қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Кейбір ғалымдардың жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің негізінде 31 проблеманың ішінде бірінші орында – инфляция, ал екінші орында – сыбайлас жемқорлық екені анықталды.

Қоғамның сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы сыбайлас жемқорлықтың өзі сияқты зұлымдық болып табылады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады және білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қоғамда халықты ағарту, азаматтардың құқықтық санасын ояту, құқықтық сауаттылыққа оқыту, өскелең ұрпақты құқықтық тәрбиелеу және, әрине, сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін халықтың әлеуметтік проблемаларын шешу арқылы қалыптасады.

**Жиналыс төрағасы:**



Ормаганбетов Р.А.

**Жиналыс хатшысы:**



Пазылханов А.П.

2025 жылдың 28 тамызда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бойынша оқыту қатысқандар.

№	А.Ж.Т	ҚОЛЫ
1	Виссинашев Р. Н.	
2	Мусиев Е. Ш	
3	Маманбаев Б. А.	
4	Бородин В. Г.	
5	Самбушев Т. К.	
6	Муродов А. К.	
7	Тажиева Д. Д.	
8	Нуртуманов Т. Х.	
9	Рахматов Б. Н.	
10	Байтаева Б. К.	
11	Рахматов С. Т.	
12	Рахмбергалиев Д. А.	
13	Артабаева Т. А.	
14	Абрахманова Л. М.	
15	Перрибаева А. К.	
16	Касенов А. М.	
17	Карибеков М. Е.	
18	Мамиева А. С.	
19	Жансейітов М. Б.	
20	Успақов А. Т.	
21	Ахмедов А. М.	
22	Ахмурзаева М. М.	
23	Мухомов М. Б.	
24	Жангожина А. С.	
25	Нурмадинова З. А.	
26	Аманжолбеков А. Б.	
27	Самаханов А. А.	
28	Мырзабекков С. Е.	
29	Шынгис И. В.	
30	Хасенов А. К.	
31		
32		
33		
34		
35		
36		
37		
38		